

Жетпіс күнәнің бірі – жемқорлық

- **Жемқорлық** - мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкердің өзіне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке басының пайдасы мен мұддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеті.



- Ислам діні сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жеке тұлғалық және ұжыммен бірлесе жүзеге асырған. Шариғаттағы жемқорлықтың үкімі - харам. Яғни, үзілді-кесілді тыйым салынған. Асыл дінімізде жемқорлық үлкен күнелар қатарына жатады. Жалпы, Ислам шарифатында кез-келген мәселенің үкімі - Құран аяттары мен хадиснама деректеріне жүгіне отырып шығарылады. Бұл жөнінде Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде (Мәида сұресі, 42-аят): **«Олар өтірікке құлақ салушы, арам жеушілер. (Мұхаммед Ғ.С.) егер олар саған келсе, араларына үкім бер, немесе олардан жүзінді бұр. Егер олардан жүз бұрсаң, олар саған ешбір зиянын тигізе алмайды. Ал егер араларына үкім берсең, тура үкім бер. Шәксіз Алла турашылдарды сүйеді»**, -деген. Аяттағы «арам жеушілер» дегені - өзгенің мал-мұлкін иемденіп, ақысын жегендер. Ал тәпсірнама деректеріндегі Сағид Бин Жубайр: **«Мұнда жемқорлық турасында айттылған»**, -деп түсінік берген.



Дін мен қоғам қатынасы

- Мұсылманшылық тек намаз оку, ораза тұту емес екенін қазіргі таңда көпшілік жұрт біле бастады. Дін тек мешіт аумағымен шектелмейді. Ол өміріміздің барлық саласын қамтиды. Мұсылман тек жайнамаз үстінде ғана мұсылман емес. Оның мұсылманшылығы адамдармен сөйлесуден бастап, барлық қоғамдық және әлеуметтік қарым-қатынасында сезілуі және көрініс табуы тиіс. Ал, мұсылманшылық адал да әділ қарым-қатынасқа негізделеді. Кісі ақысын жеу, біреудің ала жібін аттау күнә. Күнә болғанда да үлкені.



Ұлкен күнә

- Ең ауыры – Алла тағалаға серік қосу. Сосын бұл тізім жазықсыз және бейкүнә адамды өлтіру, сиқыршылықпен айналысу, намаз оқымау, рамазанда ораза тұтпау, мал-дүниесі жете тұра зекет бермеу, қаражаты болса да қажылыққа бармау деп тізбектеліп кете береді. Ұзын саны жетпіске тарта.
- Имам Құртубидің ұлкен күнәға берген анықтамасында: «Құран аятында, пайғамбар сөзінде немесе ғұламалар ижмасында бір әрекетті ұлкен немесе ауыр іс яки болмаса ол іс үшін ауыр жаза бары айтылса немесе ол істі жасаушыға жаза бар делінсе немесе қатаң айтылса, ол – ұлкен күнә», – деп көрсетілген.
- Тағы бір анықтамада: «Бір істі істеушіге лағынет (қарғыс) немесе азап яки болмаса тозақ бар деп айтылса, ол – ұлкен күнә», – делінген.
- Ұлкен күнәлардың қатарына жемқорлық та жатады.



Жетпіс үлкен күнәнің бірі – жемқорлық

- Бақара сүресінің 188-аятында:
 - ولا تأكلوا أموالكم بينكم بالباطل وتسلوا بها إلى الحكام لتأكلوا فريقا من أموال الناس بالإثم وأنتم تعلمون
- «Араларындағы малдарынды (дүниені) бұзық жолмен жемендер. Сондай-ақ, біле тұра адамдардың малынан бір бөлім жеу үшін билерге апармандар» деп айтылған.
- Мұның мағынасы: «Би мен қазыларға мал-дүние ұсынбандар. Дүние беріп, олардың көңілін табуға, пара беріп, біле тұра өзгеге тиесілі мұлікті, игілікті қолды етпендер», – дегенді білдіреді.



Жемқорлық пен
паракорлық Құранда харам
және қылмыс іс ретінде
көрсетілген. Маида сүресінің
42-аятында:


•سَمَّاعُونَ لِكَذِبٍ أَكَلُونَ لِلسُّخْتٍ

Яғни: «Олар өтірікке құлак
салушы, арам жеушілер...», -
деп айтылған.

Бұл аят – пара алып, арам
табыспен күнелтетін
яһудилер жайында.

ПРОДАЖНЫЙ ЧИНОВНИК

Приложение №1 к учебному пособию гражданина РФ



Парақорлық хадиспен, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сөзімен де тыйым етілген қылмыс.

Әбу Дәуід және Тирмизиде сахаба Абдулла бин Амрдың (р.а.)

•لَعْنُ رَسُولِ اللَّهِ الرَّاشِيِّ وَالْمَرْتَشِيِّ

Мағынасы: «Алла елшісі (с.ғ.с.) пара берушіні және пара алушыны қарғыс еткен», -деген риуаяты бар.



Бір хадисте: Әбу Зарр (р.а): Мен, пайғамбарымызга (с.ә.с) келіп:

- «Мені мансапқа тағайында майсыз ба?», -деген едім. Сонда пайғамбарымыз (с.ә.с) менің ишегымнан қағып:
- «Әбу Зарр! Расында, сен әлсізсің, ал билік – сенімділік. Әрбір адамның қиямет күніндеңі қорлығы мен өкініші», -деген еди.

(Мұслим)


Мұнда, лауазымдық қызметке лайық емес адамның тағайындалуына тыйым салынғандығына бірден-бір дәйек.



Келесі хадисте Ибн Бурайда (р.а) әкесінен жеткізгенінде пайғамбарымыз (с.ғ.с):

- «Үш тірлі қазы болады , олардың екеуі тозакта, ал біреуі жұмақта:

- 1) Өз дегенін орындаймын деп үкім шығарған – тозакта.
- 2) Білімсіз бола тұра үкім шығарған да –тозакта.
- 3) Әрдайым шындыққа жүгінген - жұмақта»,,-деген.



Жемқорлықсыз қоғам

Ал, имам Ахмед кітабында Саубан (р.а.) риуаят еткен хадисте:

•لَعْنُ رَسُولِ اللَّهِ الرَّاشِيِّ وَالْمَرْتَشِيِّ وَالرَّائِشِ.

Яғни: «Алла елшісі (с.ғ.с.) пара берушіні, пара алушыны және пара алуға (екі адам арасында) дәнекер кісіні қарғыс еткен», -делінген.

Міне, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) парага қатысты үш адамның қарғысқа кіріптар болатындығын ескертуде. Беруші де, алушы да және екеуінің арасында шапқылап жүрген шабарман да лағынетке ортак.

Ия, параны ұсынған да, оны шімірікпей алған да қылмыскер. Олар бұл әрекетіне қоғам алдында жауапты. Ең бастысы өз ар-намысы алдында кінелі. Мемлекетімізде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шарифаттағыдай қатаң шаралар қолдануда. Бұл қылмысқа қатысты кез келген азаматты қатаң жазалау. Түрлі деңгейлерде жемқорлыққа қарсы іс-шаралар ұйымдастыру. Жастар арасында үгіт-насихат жұмыстарын өткізу. Жемқорлықты болдырмау үшін түрлі тәсілдерді енгізу. Бұл өз кезегінде онды нәтиже беруде. Оған баршамыз куәміз. Алайда, жемқорлықпен құрестің ең тиімді тәсілі иман. Иман адамды қылмыстан тиюшы әрі ең үлкен бақылаушы.



Ислам діні – үлкен не кішілі сыйбайлас жемқорлық пен пара берудің қандай да бір түріне Құран мен сұннет дәйектеріне сай қатаң тыйым салып, тіпті, ауыр күнелар санатына да жатқызады. Шариғат шеңберіндегі қандай да бір тыйымдарын алып қарасаңыз адам мен қоғамның дамуына негізделген. Аллаға шынайы құлшылық-ғибадат жасап, айтқандарын бұлжытпай орындауға тырысқан жанның үйінде береке атаулысы ұялайды. Ұлағатты данышпан бабаларымыз «Аз болса да берекесін берсін», - деп босқа айтпаған. Демек, дүниеқорлықça бой беріп, діндегі тыйымдарды ескермеуге болмайды. «Отан – отбасынан басталады», - демекші әрбір жанұяда береке болса, қоғамда береке болады.



Ал жемқорлыққа қарсы қүресті – әрбір жан өз отбасынан бастап, үрпакқа дұрыс тәрбие беріп, сыйайлас жемқорлықтың тамырына балта шабар – имандылықты ұстану қажет. Яғни, кез-келген жан сыйайлас жемқорлық сынағына ұшырағанда лезде Алланы еске алып, қиямет күніндегі халін ескеріп, отбасындағы Алланың берген берекесін ұмытпай, әрдайым шүкіршілік қылғанға Алла Тағала (Ибраһим сүресі, 7-аят):

• لَئِنْ شَكَرْتُمْ لَا زَيْدَنَّكُمْ

«Егер шүкір етсендер, арттыра беремін», -деген [3]. Ал Хақ Тағала уәдесін орындауды. Мінеки, Алла Тағаланың бұйрығын орындалап, тыйымдарынан тыйылғанның өзінде, отбасында, қоғамда, мемлекетте береке орнатар, елдің дамуына шұбәсіз орасан зор үлесінің кепілі.

